



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Жобалар
өндіріске
бағытталады
2-бет



Мектеп
театрының мерейі
3-бет



Үздік үштіктен
үміттіміз
8-бет



• КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

Сапалы жол – қауіпсіздік кепілі

Аймақта жол инфрақұрылымын жақсарту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаев жолдардың сапасы мен құрылыс мерзімдерін қатаң бақылауға алып, қауіпсіздік шараларын күшейтуге баса назар аударады. Биыл облыста бірнеше күрежол қайта жаңартылып, қар ұстайтын жаңа қоршаулар орнатылмақ. Сонымен қатар, көпірлерді жөндеу, ішкі жолдарды қалыпқа келтіру және республикалық маңызы бар тасжолдарды жаңғырту жоспарланған. Құрылыс сапасын бақылау жоғары деңгейде жүргізіліп, мамандардың біліктілігін арттыруға да көңіл бөлінбек.



Ерқанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жол жұмыстарын уақытылы қамтамасыз етуді өз бақылауында ұстайды. Жол-құрылыс материалдарының сапасына ерекше назар аудару қажет екенін ескертіп келеді. Осы жылға жоспарланған жұмыстар туралы облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының орынбасары Максат Мұқашев айтып берді.

«Нұра-Осакаров», «Жартас-Долин-ка», «Үштөбе-Құрылыс» жол учаскелерін қайта жаңартуды аяқтау жоспарлануда. «Саран-Шахтинск» автожолын күрделі жөндеу жалғасады. Дубовка ауылынан Саран қаласына дейінгі облыстық маңы-

зы бар 6 шақырым автожолды, сондай-ақ, «Шахан-Жаңаталап» автожолының 5 шақырымын қайта жаңарту бойынша жобалық құжаттама әзірленді. Жобаларды іске асыру осы жылға жоспарланған. Облыстық маңызы бар 72 шақырым автомобиль жолы орташа жөндеумен қамтылатын болады, – деді спикер.

«Теміртау-Токарев» автожолындағы Нұра өзені арқылы өтетін көпірді қайта жаңарту жалғасуда. Су тасқыны кезеңіне дейін жұмысты жеделдету қажет. Сондай-ақ, «Саран-Шахтинск» автожолындағы Шерубай-Нұра өзені арқылы өтетін көпір қайта жөндеуде. «Қарағанды-Шахтинск» автожолындағы екі көпірді реконструкциялауға жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде.

«Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасы

бойынша биыл облыстың барлық жеті ауданының 24 елді мекенінде ішкі кенттік жолдар ретке келтіріледі. Республикалық маңызы бар жолдарға қатысты «Қарағанды-Балқаш» жолын жайластыру жалғасады. «Балқаш-Бұрылбайтал» автожолында ұзындығы 91 шақырым болатын екі учаскенің құрылысы аяқталды. Биыл Тасаралдан Сарышағанға дейінгі үшінші учаскеде асфальттың жоғарғы қабатын төсеу жалғасады. «Қарағанды-Қарқаралы» автожолын жөндеуді толығымен аяқтау жоспарланып отыр, бұл жолдың 85 шақырымын ретке келтіру қалды.

Бұдан өзге, «Қарағанды-Павлодар» автожолын орташа жөндеу жалғасады. Барлық жобаларды бақылау Жол активтері сапасының ұлттық орталығымен бірлесіп жүзеге асырылуда. Мемлекеттік

қызметшілер үшін біліктілігін арттыру үшін Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институтында оқытуды ұйымдастыру жоспарланып отыр. Курстарға тұрғын үй-коммуналдық әрі көлік саласына жетекшілік ететін мамандар жіберіледі.

Өңірде жаңа үлгідегі қар ұстайтын қоршаулар да орнатылады.

– Қар көшкіні мен мұздақтың пайда болуын болдырмау үшін биыл ұзындығы 3 шақырым «Нұра-Осакаров», ұзындығы 2 шақырым «Шахтинск-Сәрепті» және ұзындығы 400 метр «Сарыарқа» әуежайына кіреберіс автожолдарының учаскелерінде композитті қар ұстайтын қоршаулар орнату жоспарлануда, – деп хабарлады ол.

«Осакаров-Молодежное» автожолының асуында тосқауылдарды металл арқандармен алмастыру көзделген. Бұл жолдың жүру бөлігіндегі қардың желмен тез ұшып кетуіне мүмкіндік береді.

– Жолдың сапасы – біздің күнделікті өміріміздің маңызды бөлігі. Әсіресе, алыс сапарға шыққанда. Қарағандыда жол инфрақұрылымын дамыту жұмыстарының қарқынды жүргізіліп жатқаны қуантады. Жөндеуден өткен күрежолдар, жаңартылған көпірлер мен қардан қорғайтын қоршаулар – қарапайым жүргізушілер үшін үлкен көмек, – деп пікір қосты көнігі көлік жүргізушісі Айдос Сейітхан.

Жол – өркениеттің күретамыры. Оны жаңарту мен жақсарту – халықтың қауіпсіздігі мен жайлы өмір сүруінің кепілі. Аймақта атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар – инфрақұрылымдық дамуды жаңа деңгейге көтеруге бағытталған нақты қадам. Заманауи талаптарға сай жөндеген жолдар, берік көпірлер, қардан қорғайтын тосқауылдар – мұның бәрі тек бүгінгі күннің емес, ертеңгі ұрпақтың да игілігі үшін жасалуда. Демек, Қарағанды жолдары жаңғырудың жаңа кезеңіне аяқ басты деген сөз бұл. Алдағы мақсат – сапалы, қауіпсіз және ұзақ мерзімді жол инфрақұрылымын қалыптастыру.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• БӘРЕКЕЛДІ!

Жарайсың, Владислав!

IX қысқы Азия ойындарында жерлесіміз Владислав Киреев биатлоннан 10 шақырым спринтте ел намысын қорғап, қоржынға үшінші алтынды салды. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Facebook парақшасында спортшының жарқын жеңісімен құттықтады.



Суретші: Айдос Сейітхан

Аймақ басшысының жазбасында:

– Жерлесіміз Владислав Киреевті Харбинде өтіп жатқан Азия ойындарындағы алтын медальмен шын жүректен құттықтаймын! Оның жеңісі – қажырлы еңбектің нәтижесі. Осы орайда спортшының жаттықтырушысы Раис Хайрутдиновке спортты дамытуға және чемпиондарды даярлауға қосқан баға жетпес үлесі үшін алғыс білдіремін. Қарағанды сіздерді мақтан тұтады. Барлығыңызға жаңа жеңістер мен жетістіктерді тілейміз! – делінген.

Биатлоннан Қазақстанның ерлер командасы екі медаль жеңіп алған болатын. Солардың қатарында спринттен сығана түскен жерлесіміз берілген қашықтықты 29 минут 47.4 секундта жүріп өтті. Спортшының өзі жарыс жайында пікір қалдырып, әсерімен бөліскен.

– Мұндай жетістікке жеткенімізге өте қуаныштымын. Бұл алдағы жарыстардағы жеңістерімізге жол ашады. Бірақ, демалуға уақыт жоқ. Келесі жарыс – Әлем чемпионаты, одан кейінгісі – Әлем кубогы кезеңдері. Жалпы, жарыстар жалғаса береді. Өйткені Олимпиадаға жолдама алу үшін ұпай жинауымыз керек, – деді жерлесіміз.

Өз тілшімізден

Метапневмовирус қандай вирус?

COVID-19-дың әлегінен кейін жыл басында тағы сол Қытайдан жаңа вирустың ошағы шықты дегенде халықтың әжептәуір қорқып қалғаны рас. Алайда, мамандар метапневмовирус классикалық вирустардың бұрыннан белгілі түрі екенін айтып, алаңдаушылықты басты. Оның штамдары басқа вирустармен қатар Қазақстанда да анықталды. Осы уақытқа дейін 100-ге жуық адам метапневмовирус жұқтырған. Соның үшеуі Қарағандыда тіркеліп отыр.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сонымен, дәрігерлер мен ғалымдардың айтуынша, метапневмовирус жіті респираторлық вирустық инфекцияға жатады. Оны анықтау үшін арнайы тестілеу жүргізу керек. Елде эпидемиологиялық маусым басталғалы 8 мыңнан астам сынама жасалған. Сонда зертханалық расталғаны – 98.

Метапневмовирустың белгілері де тұмаудыкіндей. Көп жағдайда жөтел, тамақтың, бастың ауруы, мұрыннан су ағу, қалтырау, дене қызуының көтерілуі байқалады. Асқынған жағдайда адам енгігіп, әлсірейді. Бронхит, пневмониямен ауруы да мүмкін. Аурудың негізгі инкубациялық мерзімі мамандардың айтуынша, үштен алты күн.

Бұл ретте аурудың асқынған жағдайлары иммунитеті әлсіреген адамдарда, үлкен кісілерде және 5 жасқа дейінгі балаларда байқалады. Асқынған салдарынан қайтыс болу деңгейі де төмен. Осыдан екі-үш жыл бұрын Lancet Global Health журналында жарияланған зерттеулерде 5 жасқа дейінгі балалардың өлім-жітімінің себебі жіті вирустық инфекциялар ішінде, метапневмовирустың үлесі 1% ғана. Дегенмен, интернеттегі кейбір деректерде метапневмовирустан болатын өлім-жітім 43%-ға жетуі мүмкін деген апарат бар. Алайда, бұл деректер қосымша тексеруді және растауды талап етеді. Себебі, көп жағдайда ауру жеңіл түрде жүреді. COVID-19-дан айырмашылығы, метапневмовирусты диагностикалау үшін скринингтік тесттер жеткіліксіз әрі



Коллекция: жетінін Ш.Алтынбаева

оны емдеуге арналған вирусқа қарсы препараттар жоқ.

– Емдік терапия ауру белгілерін жеңілдетуге бағытталады, – дейді Қарағанды қаласының №5 емханасының педиатр дәрігері Айдана Сей-жанқызы. – Көп мөлшерде су ішу, қызу түсіретін мұрынға тамызатын дәрілер пайдалануға болады. Бірақ, мұрын тамшыларын балаларға абайлап қолданған жөн. Сонымен қатар, мұрынды тұзды ерітіндімен шаю

қажет болады. Жіті респираторлық вирустық инфекциялар кезінде антибиотик қабылдауға болмайтынын есте ұстау керек. Ол бактериялық инфекция кезінде ғана нәтижелі.

Вирус жұқтырмау үшін алдын алып, сақтанған дұрыс. Қарағанды облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мамандары адам көп жиналған жерлерге бармауға, ауру белгілері бар адамдармен байланыс орнатпауға кеңес береді. Үй-жайларды үнемі желдетіп отырған жөн. Сондай-ақ, қолды жиі жуу немесе антисептиктермен тазарту да аурудан сақтануға сеп болады. Себебі, метапневмовирус ауа тамшылары арқылы жұғады. Оның вирустары шектеу, карантиндік шаралар қабылданбағанын да айту керек. Сонымен қатар, Қытаймен байланысын шектеп, шекарасын жапқан бірде-бір ел жоқ. Бұл ретте Мемлекет басшысы да жаңа вирусқа қатысты дүрбелең туғызуға шақырған болатын. Жыл басында Президент Қытаймен әріптестікті одан әрі жалғастыру қажеттігін алға тартты.

Аймақтың санитариялық-эпи-



демиологиялық бақылау департаментінің дерегінше, метапневмовирус өңірде 3 адамнан анықталды, былтырғы эпидемиологиялық маусымда 16 адам ауырған болатын. Жалпы, өңірде жіті респираторлық вирустық инфекцияның 54 мыңға жуық жағдайы тіркелген. Оның жартысынан астамы – балалар. Олардың үлес салмағы – 58%. Сондай-ақ, белгілі болғандай, былтыр жіті респираторлық вирустық инфекциялармен ауырғандар саны өскен. Алайда, мамандар оны тұмаудың маусымдық ерекшеліктерімен байланыстырады.

Десе де, «тұмаумен қатты ауырды» деген немесе баласы пневмониямен ауруханаға жатып шыққан таныс, тұма көп. Балкім, асқынудың себебі метапневмовирус болар. Әр жағдайды зертханалық зерттеп жатқан ешкім жоқ.

Жобалар өндіріске бағытталады

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде өткен ғылыми-технологиялық хакатонға қатысып, ғылымды елдің индустриялық қажеттілігіне бағыттау маңызды екенін атады.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Қазіргі заманғы шаймалау әдістері және олардың тау-кен металлургия саласындағы болашағы» атты екінші ғылыми-технологиялық сессия Ғылым және жоғары білім министрлігі және «Қазакмыс» корпорациясының қолдауымен ұйымдастырылды. Гидрометаллургия саласындағы озық технологияларды талқылауға жетекші ғалымдар, сарапшылар және өнеркәсіп өкілдері жиналды.

Бағдарлама аясында қазақстандық және шетелдік мамандар инновациялық шешімдерді іздеуге бағытталған пікірталастар ұйымдастырды. Мыс кендерін жерасты және жерүсті шаймалау тәсілдерінің келешегі, ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру мәселелері және оларды өндіріске енгізу жолдары қарастырылды.

Хакатон металлургия өнеркәсібіндегі маңызды жүйе кенді сілтілеу саласында инновациялық шешімдерді табу және әзірлеу үшін жетекші ғалымдарды, инженерлерді, студенттерді және сала өкілдерін біріктіреді. Қатысушылар пайдалы қазбаларды өндіру мен қайта өңдеудің тиімділігін айтарлықтай арттыра алатын жаңа технологиялар мен әдістерді ұсыну мүмкіндігіне ие болады.

Ғылым мен бизнестің өзара ықпалдастығына ерекше көңіл бөлінді. Кәсіпорындар өкілдерінің, соның ішінде «Қазакмыс» корпорациясы мамандарының қатысуы осы бағыттағы байланыстың маңыздылығын көрсетті. Екі күндік жұмыс барысында ғалымдар ғылыми баяндамалар ұсынып, заманауи технологияларды енгізу тәжірибесімен бөлісіп, қолданбалы зерттеулерге негізделген



Президент тапсырмасын орындай отырып...

шешімдер әзірледі, – деді Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің ректоры Сәуле Сағынтаева.

Ғылым және жоғары білім министрі Саят Нұрбек бастаманың ғылым мен бизнестің ықпалдастығын арттыруға сеп екеніне тоқталды. Ұлттық экономиканың нақты қажеттіліктерін қанағаттандыру, ғылыми-техникалық дамудың басым бағыттарын айқындау және экспортқа бағытталған жаңа өнімдер шығару мақсатында қолға алынғанын атады.

Өндірісті жаңа технологияға, ғылымға бағыттау керек. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру маңызды. Оның үстіне бұл қадам қосылған құн салығын арттыруға, бизнестің және тұтастай елдің бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға жол ашады. Экономика салалары бойынша жобалар портфелін негізінен агроөнеркәсіп кешені, денсаулық сақтау және химия өнеркәсібі құрайды. Нақты салалардағы бизнестің сұранысына қарамастан, машина жасау, туризм және өңдеу өнеркәсібі секторында төмен деңгей байқалады. Өңірлер бойынша ғылыми жобаларды коммерцияланды-

руда Қарағанды қаласының ғалымдары белсенділік танытып келеді. Осы орайда ғалымдар игілігі үшін өңірде беделді университеттердің филиалдары ашылды, – деп атап өтті Саясат Нұрбек.

Министрдің айтуынша, бүгінде мемлекеттің ғылыми-технологиялық саясаты түбегейлі өзгерді. Алдымызда ғылымды қажет ететін экономикаға көшу мақсаты тұр. Алдағы уақытта өндірістің нақты мәселесін анықтап, ғылымды қаржыландыру сол мәселелердің шешілуіне жұмсалыды.

Ғылым өнеркәсіппен тығыз байланыста жұмыс істеп, нақты секторда қолдануға болатын технологияларды әзірлеуі керек. Осы бастама аясында Ғылым және жоғары білім министрлігі зерттеу әзірлемелерін өндіріске енгізуді белсенді түрде қолдап, инновациялық жобаларды дамытуға жәрдемдесуде. Хакатон нәтижесіне сай үздік жобалар іске асыруда қолдау тауып, ал олардың авторлары Қазақстанның ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарының қатысуымен өз идеяларын одан әрі дамытуға мүмкіндік алады.

«Қазакмыстың» бүгінгі басты мақсаты – шикізат базасын кеңейту. Бізді ең алдымен техногендік минералды түзілімдерді байыту қызықтырады. Бұл – баланстан тыс кендердің үйінділері, байыту фабрикасының қалдықтары, байыту фабрикаларының қалдықтары, баланстан тыс кендердің үйінділерін де байытуға болады. Мұндай қалдықтарды қайталама шикізатқа ауыстыру қажет. Байытудың көптеген жолдары бар, – деді «Қазакмыс» корпорациясының тұрақты даму жөніндегі директоры Сәкен Шахметов.

Жиында коммерцияландыруға ұсынуға мүмкіндігі зор ғылыми жобалар іріктелді. Оларды жүзеге асыру бағалы металл өндіру тиімділігін арттырып, экологиялық жүктемені азайтуға мүмкіндік бермек. Сондай-ақ Қазақстанның тау-кен металлургиясындағы жетекші орнын нығайтады.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Бірлескен кәсіпорын, бірегей мүмкіндік



Венгрлік ірі өндіруші – UBM Group компаниясы Қарағандыда зауыт салуды. Саған индустриялық аймағының аумағында салынады деп жоспарланған зауытта жануарларға арналған жоғары сапалы жемдер мен премикстер өндірілетін болады. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Венгрияның Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Отто Ронамен кездесу барысында зауыт құрылысы ғана емес, өзге де қызықты жобаларды талқылады.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бірлескен өндірісті іске қосудың арқасында біздің агроөнеркәсіп кешенінде әлеует зор болмақ. Бұдан басқа, фармацевтика мен энергетика саласында да біз дамыта алатын қызықты жобалар бар, – деді Отто Рона.

UBM Group – 30 жылға жуық тәжірибесі бар венгрлік компания. Венгрияны азықтүлікпен және премикстермен қамтамасыз етіп отырған компания өнімін 19 елге, негізінен Еуропаға экспорттайды. UBM Group үш бағытта жұмыс істейді. Жем өндіруден бөлек, ол астық және майлы дақылдар саудасын жүргізіп, мал шаруашылығымен де айналысады.

май, фермерлер мен тұтынушыларға қосымша ауыртпалық тудырады.

Венгрлік UBM Group компаниясы салатын төрт зауыттың бірі Саған индустриялық аймағында орналасады және мал және құс шаруашылығына арналған жоғары сапалы құрама жем мен премикстер шығарады. Шикізат ретінде жергілікті ауыл шаруашылығы өндірушілерінің дөңлі дақылдары пайдаланылады. Астық өсіретін үш ірі аудан аталған аймаққа жақын орналасқанын ескерсек, бұл – маңызды жоба болмақ.

Зауытта 35 жұмыс орны ашылады. Өндірістік процесс барынша автоматтандырылады. Бірінші кезеңде кәсіпорынның қуаттылығы – жылына 100 мың тонна өнім болса, кейіннен оны 200 мың тоннаға дейін ұлғайту мүмкіндігі бар. Өнімінің бір



Компанияның 2023 жылғы айналымы шамамен 5 550 млн доллар болса, түсімінің 54%-ы – экспорттан. UBM Group-тың Венгриядан басқа, Словакия, Румыния және Сербияда зауыттары бар. Енді компания Қазақстанда да жұмыс істеуді жоспарлап отыр.

Өткен жылы Астанада өткен KazAgro/KazFarm-2024 көрмесінде компания өз өнімдері – құрама жем мен премикстерді ұсынған болатын. Сол кезде Қазақстанға келген UBM Group өкілдері Қазақстанда төрт зауыт салу жоспарларымен бөліскен еді. Оның үшеуі – жем өндірісе, біреуі – премикс өндіреді. Айтуларынша, зауыттар қазақстандық шикізатты пайдаланады, ал, дайын өнім ішкі нарыққа сатылып, көрші елдерге жеткізіледі.

UBM Group жобасы Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің негізгі проблемаларының бірі – сапалы құрама жемдер мен премикстердің жетіспеушілігін еңсеруге бағытталған. Мал шаруашылығының негізі болып табылатын бұл азықтың дені қазіргі уақытта шетелден жеткізіледі. Бұл – ет және сүт өнімдерінің өзіндік құнының өсуіне әкеліп қана қо-

бөлігі өңірде қалса, басым бөлігі – экспортталады.

Орталық Азия біз үшін стратегиялық бағыт болып табылады. Нарықты зерттей келе, инвестиция салу үшін Қазақстанды таңдадық. Бұл елде үш зауыт салу және жергілікті аграршылармен кешенді ынтымақтастық орнатуды жоспарлап отырмыз, – деді UBM Group инвестициялар жөніндегі директоры Петер Золтан.

Ермағанбет Бөлекпаев облыстың ұзақ мерзімді ынтымақтастыққа дайын екенін атап өтті.

Біз – халықаралық серіктестерді тартуға және жаңа өндірістер құруға мүдделіміз. Зауыт үшін жер телімі бөлініп, қажетті қуаттарға қосылатын нүктелер қамтамасыз етілді. Жобаға инвестициялық жеңілдіктер мен артықшылықтарды қоса алғанда, мемлекеттік қолдау көрсетіледі, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Қазақстанда премикс шығаратын зауыт жоқ екенін айту керек. Құс фабрикалары оларды шетелден, негізінен Ресейден сатып алады.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Мүгедектік мүмкіндікке кедергі емес

Мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмыспен қамту – бүгінгі күнде маңызды мәселелердің бірі. Президент тапсырмасына сәйкес олардың өмірге деген құштарлығын арттыру мақсатында жүзеге асырылып жатқан жобалар аз емес.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазіргі таңда Балқашта жұмыспен қамту аясында мүгедектігі бар жандарды жұмысқа тарту жөніндегі тәжірибесі бар компаниялармен ынтымақтасуға орнаған. Мәселен, былтыр Мансап орталығының мамандары 2 000 адамды жұмыспен қамтуса, олардың 150-і – мүмкіндігі шектеулі жандар. Бұл туралы Мансап орталығының директоры Азамат Саданов мәлім етті.

Биыл «Жұмысшы мамандықтары жылы» болып жарияланғанын білесіздер. Қазір Балқаш қаласында жастарды жұмысшы мамандықтарына оқыту бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Өйткені, жергілікті кәсіпорындарға слесарь, сантехник, токарь, маши-

нист, жүргізушілер жетіспейді. Бүгінде мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек қолын созу – қоғамның парызы деп білеміз. Оларды да жұмыспен қамтып жатырмыз, – деді Азамат Саданов.

Айта кетейік, қазіргі уақытта жұмысқа қабылданған адамдардың көпшілігі оқу курстарын бітіріп, қаладағы түрлі кәсіпорындарда еңбек етуде. Сонымен қатар, сұранысқа сәйкес жұмыссыздарды тегін оқыту жоспарланып отыр.

Бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстар мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғамда өзін еркін сезінуге көмектеседі.

БАЛҚАШ

КЕЗДЕСУ

Спорт саласындағы серпіліс

Соңғы жылдары Бұқар жырау ауданының спорт саласында үлкен бір серпіліс бар. Мұнда халықтың саламатты өмір салтын қалыптастыру мен бұқаралық спортпен жаппай айналысуы үшін спорт нысандары көптеп салынууда. Бұл туралы облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Серік Сәпиевпен болған кездесу барысында кенінен әңгіме болды.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мәселен, өткен жылы Қарақұдық ауылында Дене шынықтыру-сауықтыру кешені, Үміткер мен Үштөбе ауылдарында көпфункционалды хоккей корттары іске қосылды. Төрткөл мен Қушоқы ауылдарында шағын футбол алаңдары орнатылып, Центральное ауылындағы спорт залы жөнделген.

Бізге төрт жылдан бері спорттық инфрақұрылымды дамыту бағытында 31 жоба жүзеге асырылуда, – деді Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын Ғабиден Мұстафин кентінің Дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының бас-

шысы Серік Сәпиевпен және жергілікті спортшылармен болған кездесуде. – Сол бойынша алдағы уақытта ауданымыздағы елдімекендердің алтауында көпфункционалды хоккей корты, бесеуінде волейбол және баскетбол, төртеуінде шағын футбол алаңы орнатылады. Аудан орталығы Ботақара кентінде ұзындығы 25 метр жүзу бассейні мен 250 орындық ипподром салынады.

Сонымен қатар, Доскей және Баймырза ауылдарында жаңа Дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін салу жоспарланса, Қушоқы кентіндегі осындай кешеннің құрылысы жалғасып, Ботақарадағы орталық стадион қайта жөнделеді.

Аудан әкімінің айтуынша, биыл ерекше мұқтаждығы бар 30 адам бочка және жеңіл ат-



летика мен шұғылдана алатын көрінеді. Сол сияқты спорттық инфрақұрылымы жетімсіз елдімекендерде «Арлан» аудандық спорт клубының базасында құрылған аула клубтары жұртшылықтың спортпен шұғылдануына балама болып отырса, енді 9 ауылда да осындай клубтар ұйымдастырылмақ.

Кездесу барысында осы өңірдің спорт саласындағы сер-

пілісті атап өткен Серік Сәпиев аудан әкімі Ерлан Құсайынға Алғыс хат тапсырып, спорттағы жетістіктері үшін бірнеше жергілікті спортшыға 500 мың теңгенін, ал, «Арлан» спорт клубына 1 миллион теңгенің сертификаты берілді.

Бұқар жырау ауданы

Суретті түсірген
Данияр ТОРЖАНОВ



Ұстаздарға арналған қосымша

• ӨНЕГЕ

Мектеп театрының мерейі

Театр – балалардың эстетикалық талғамын, қиялын дамытады. №2 мектеп-интернатта «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру мақсатында «Шабьт» жобасы бойынша балалар театрлары жұмысы ұйымдастырылған. Білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, олардың жан-жақты дамуына мүмкіндік туғызу мақсатында білім ордасында «Браво» драма, «Силуэт» көлеңке, «Айналайын» жастықтар, «Ер Төстік» жасөспірімдер театрлары үйірмелері жұмыс істейді.

Театрлар үйірмелері – «Отбасы және мектеп: Диалогтан серіктестікке» атты әлеуметтік жобаның құрамдас бөлігі. «Браво» драма театры – білім ордасындағы классикалық әдеби туындылардың мазмұнын ашып, әдеби мұраны насихаттайтын үйірме. «Браво» драма театры мүшелері «Қазақстан халқы тілдері күні» онкүндігі аясында казактын ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері – Ахмет Байтұрсынның өмірі мен шығармашылығына арналған қойылым дайындалды.

Білім алушылар сахнада сонау 1909 жылы Ахмет Байтұрсынның Қарқаралы уезінде жүріп, ағартушылықпен айналысқан кездеріне шолу жасады. Ұлт ұстазының образын 10 сынып оқушысы Ринаг Сапаров сомдаса, сол кездегі ауыл жастарының бейнесін басқа білім алушылар көрсете білді.

Қарағанды қаласының тоқсан жылдық мерейтойында «Где-где? В Караганде!» театрландырылған сахналық қойылымы қойылды. Сүйікті қалаға деген ықыласын балалар әнмен әрлеп, бимен көмкерді. Қаланың тарихына үйілген жас таланттар кеңес дәуіріне дейінгі заманды бейнелейтін сәттер көрсетіп, аты аңызға айналған Аппак Байжанов образын шебер сомдады. Қарағанды қаласының өткені мен бүгінгісіне кеңінен тоқталып, әр дәуірдің болмысын аша білді.

Білім ордасындағы «Браво» драма театрының негізін қалаушы және қойылып жатқан спектакльдердің басы-қасында толассыз еңбек еткен мектеп-интернатының драма үйірмесінің жетекшісі ардагер ұстаз Сулеу Нұрғалиқызының ерен еңбегін айтпай кетуге болмайды. Зейнеткер ұстаз тәжірибесін жас мамандарға жалықпай үйретіп, бүгінде білім ордасында үйірме жұмысы жалғасын тауып жатыр.

Мектеп-интернаттағы балалар ұнататын бөлім – көлеңке театры.

1500 жыл бұрын Азияда пайда болған визуалды өнер түрін шартты түрде көлеңке театры деп атағаны болмаса, экранда ешқандай көлеңке болмайды, тек жа-



рық түсірілген экранның арғы жағынан қуыршақтардың сұлбасы көрініп тұрады. Экран жұқалтаң болып келеді. Әдетте қуыршақтар түйенің, ешкінің жұқа терісінен, қағаздан, қатты немесе түрлі-түсті қағаздардан жасалады. Түрлі фигуралық қуыршақтар бамбук, ағаш және металл таяқтармен қозғалатын болған. Сондай-ақ, көлеңке театрында тек қуыршақтар ғана қолданылмайды, актерлердің қолының қимылы арқылы жасалған түрлі фигуралар, тіпті, актердің өзі де көрінуі мүмкін.

Театр жұмысы ойын әрекетінің әртүрлі құралдары мен әдістерін қолдану арқылы тұлғаның әлеуметтенуіне және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде рухани-адамгершілік дамуына ықпал етеді.

Тірек-қимыл аппараты зақымданған балаларға арналған мектеп-интернаттың дағы көлеңке театры тәрбиешілер мен білім алушылар ұжымының күшімен ұйымдастырылған. Маңыздысы, көлеңке театрының ұйымдастыру үшін ең аз ресурстар: көлеңке, трафарет фигуралары, экран және жарқын жарық көзі қажет. Трафарет пішіндерін жасауға және құруға мектеп тәрбиеленушілерінің белсене қатысатынын атап өткіміз келеді. Жалпы алғанда, бұл – шығармашылық ойындар, сызбалар, ертегілер, шағын спектакльдер, театрландырылған импровизациялар және сахнаға арқылы театр әдістерін дамытуға негізделген театр сабақтарының үдерісі. Пішіндер экранда сырғып, жанданып, әңгімелесіп, жайқалдасып, достасады. Пішіндердің қозғалысына қарауды балалар қатты ұнатады.

Көлеңке театры ерекше білім беруді қажет ететін балалардың мәселесін дұрыс, кедергісіз шешуге мүмкіндік береді: олардағы қарым-қатынас тапшылығын жоюды, қоғамда шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруға және әлеуметтенуге



мүмкіндік береді. Театр қызметі арқылы тәрбиеленушілер эстетикалық, коммуникативті, психофизикалық және басқа да маңызды дағдыларды қалыптастырады және дамытады. Баланың жеке басын қалыптастыруда театрдың рөлі зор. Театрда көрген, бастан кешкен оқиғалар балалардың ой-өрісін кеңейтеді, әңгімеге араласуын талап ететін орта жасайды, мұның бәрі шығармашылық тұлғаның дамуына, диалог жүргізіп, алған әсерін монолог арқылы жеткізе білуге ықпал етеді. Шығармашылықты, қиялды, ойлауды, есте сақтауды, сөйлеуді дамытуға әсер етеді, кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін кеңейтуге және қолдың ұсақ моторикасын дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, көлеңке театры балалардағы қараңғылық қорқынышының алдын алады.

Театрдың тәрбиелік рөлін де атап өту маңызды. Қойылымдардың сюжеттік-бейнелі тұжырымдамасы арқылы балалар достық, адалдық, еңбек пен мейірімділік

үлгілерін алады, бойларында туған жерге, оның салт-дәстүріне деген сүйіспеншіліктері артып, мінез-құлық, қызығушылық, сыртқы және ішкі әлемге дұрыс көзқарас қалыптасады.

Театр мүшелері «Шалқан» ертегісін, «Бәйтерек туралы аңыз», «Кішкентай қоян хикаялары» сияқты қойылымдарын ұсынды. Сонымен қатар, мерекелік концерттік бағдарламаларда әндерге көрсетілімдер әзірледі.

Білім мекемесінде бұл істі ұйымдастырып жүрген Елена Успенская және Евгения Горбунова секілді дарынды педагогтердің еңбегі ерекше.

Мектеп-интернаттың ата-аналармен бірлесіп отырып, үлкенді-кішілі қойылымдар жоспарлы түрде қойылады. Үйде оқитын балалармен ұйымдастырылған «Үйшік», «Үш Марғау» ертегілері өте тартымды, әсерлі өтті. «Жастықтар шеруі» атты мереке өткізіліп, балалар мен ата-аналар жұмысы көрмелерге қойылды. «Жастықтар театры» да өте көне мәдени мұра. Ол сонау 1917 жылдары Ресейде

• БӘРЕКЕЛДІ!

Нүрәлі – мақтаншымыз

Алаштың ардақты ақыны Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығын дәріптеу, жастар арасында қайта жаңғырту мақсатында академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінде студенттер мен мектеп оқушылары үшін аймақтық дәстүрлі «Мағжан оқулары» өтті.



Ақынның өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқу және Мағжан образын ашудан тұратын екі кезең бойынша қатысушылар тартысқа түсті. Мағжан сенген жалынды да, отты жастар арасынан суырылып, топ жарып М. Мамыраев атындағы мектеп-интернатының 7-сынып оқушысы Нүрәлі Қайрат пен жетекшісі Айсұлу Мұстафина бас жүлдені иеленіп, көрермендер мен қазылар алқасының ерекше қошеметіне бөленді.

Қарсыластарының ішіндегі жасы екеніне қарамастан, тыңғылықты дайындығы мен талантының арқасында жүлдегер атанған Нүрәлі – көпшіліктің көзайымы болды. Ақын шығармаларын оқу кезеңінде «Мен жастарға сенемін!», «Мен кім?», «Қарағым» өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқып, 2 кезеңде «Мағжан монологы» жанынан сезіне әрі жүректерге жеткізе оқығаны арқылы дараланды.

Жетекші ұстазы шәкіртінің жауапкершілігін, өнерге жаны жақын жас жан екенін алға тартып, болашағына деген үлкен сенім білдіретінін жеткізді.

Құлшат МАХМЕТОВА,
М.Мамыраев атындағы мектеп-интернаты директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

• ЖОБА

Зертхана зейін ашады

Балқаш қаласында жеті мектепте STEAM зертханалары ашылды. Айтулы білім жобасының басты мақсаты — аймақтағы жалпы білім ұяларында жаратылыстану-техникалық, инженерлік-математика және өнердің дамуына жан-жақты үлес қосу. Сонымен қатар, педагогтардың біліктілігін арттыру, оқушыларды қосымша оқыту және қолданбалы зерттеулерді жүргізу арқылы бағыттарын қамтиды.

Нұрлос КӨРІМ,
«Ortalıq Qazaqstan»

– Пәндерді интеграциялау балалар математиканы да, өндірістік технологияны да оқиды. Олар біздің кәсіпорындармен, сондай-ақ, шағын және орта бизнес өкілдерімен бірге көптеген жобаларды жүзеге асырып, тәжірибеден өткізеді, – дейді Балқаш қалалық білім бөлімінің басшысы Қарлығаш Дүбірбекова.

Айта кетейік, арнайы жабдықталған оқу кабинеттерінде жаратылыстану-техникалық, инженерлік-математика және өнер бойынша 300-ге жуық балаға қосымша сабақтар өткізіледі. Зертханаларда оқушылар өз жобаларын жасап, робототехникамен және бағдарламалаумен айналысады. Түрлі эксперименттер мен зерттеулер жүргізеді. STEM зертханада сабақ беру үшін мұғалімдер біліктілікті арттыру курстарынан өткен.

БАЛҚАШ



Ғасыр Ғаламаты

«Ұстаздық еткен жапықпас – үйретуден балаға» дейді Абай. Баланы білімді, білікті етіп тәрбиелеу – міндет. Сондықтан, әр мұғалім жаңа технологияны меңгеріп, кеңінен пайдалана білуі керек.

Бүгінде қоғамның дамуын, өркениет көшіне ұмтылысын жасауды интеллект, цифрландыру деген ұғымдарсыз елестете алмаймыз. Бұл жай ғана қазіргі заманғы санға айналған сөздер емес, өміріміздің бір бөлшегі.

Жасанды интеллект жылдам дамып келеді. Адамның ойлау жүйесін модельдеу ғана емес, сонымен қатар, күнделікті өмірін жақсартуға, бизнес, ғылым, медицина, өндіріс сияқты салаларда өнімділікті арттыруға көмектеседі. Мектебіміздегі информатика пәнінің мұғалімі Гүлжанат Тұрғамбекова дайын бейне-контентті бар чабботтар және VideoWiki сервисі түріндегі жасанды интеллектті пайдалану тәжірибесімен бөлісті. Онда оқу материалдарын өз бетінше құру мүмкіндігі бар. Бұл – мұғалімдерге білім беру үрдісіне дайындалуға үлкен көмекші құрал.

Ләззат СЕКЕБАЕВА,
Ақбас атындағы жалпы білім беретін мектептің информатика пәні мұғалімі

• ТАНЫМ

Жаңарған жүйе, жайлы мектеп

Тәуелсіздік күніне орай «Кеңдала» шағын ауданында орналасқан №19 жалпы орта білім беретін мектепте ерекше мерекелік шара «Тәңірден келген тәтті сый» атты театрландырылған мюзикл өтті. Бұл мюзикл – оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту мен патриоттық сезімдерін нығайтуға бағытталған тәрбиелік іс-шара.

Бұған дейін «Алаш» партиясының көшбасшыларының бірі, қалың қазақты оятып, әдебиетімізге өлшеусіз үлес қосқан публицист, математикалық терминдерді қазақшаға аударып, есеп кітабын жазған, қазақтың тарихын жазған, түрікше-орысша сөздік жазып шығарған Міржақып Дулатұлының туған күніне орай мектебімізде мектепшілік танымдық-ғылыми конференция өткен болатын. Ұстаздар мен оқушылар тәуелсіздікке жету жолындағы тарихи кезеңдер мен ұлт батырларының ерліктерін сахна тілінде көрсетті. Әрбір көріністе қазақ халқының тәуелсіздікке деген ұмтылысы, қиын-қыстау кезеңдердегі қайсарлығы мен болашаққа деген сенімі ерекше әсерлі бейнеленді.

Шара барысында ұлттық рухты асқақтатар әндер шыққалды. Сахнада Ұлы дала тарихы мен мәдениеті, сондай-ақ, қазіргі заман жетістіктері де шеберлікпен көрініс тапты. Әсіресе, ұстаздар мен оқушылардың орындаған монологтары мен диалогтары көрермендерді тебірентті. Сонымен қатар, мектебімізде Тәуел-



сіздік мерекесі қарсаңында оқушылар арасында «Жайлы мектеп барысы» турнирі өтті. Турнирге қонақтар, балуандар қатысып, төрелік етті. Бұл жарыс ұлттық спорт түрлерін дәріптеп, оқушылардың дене шынықтыруға деген қызығушылығын арттырды. Жарысқа қатысушылар өз шеберліктерін көрсетіп, көрермендерді ерекше әсерге бөледі.

Сондай-ақ, 6-7-8 сынып оқушылары арасында қазақ күресіне «Jaily mектеп barуsu» мектепшілік турнирі өткізілді. Бұл жарыс Тәуелсіздік күніне орайластырылып, еліміздің ұлттық спорт түрінің насихатталуына үлес қосты.

Спорт пен мәдениет үйлескен ерекше күні мектебімізде ұйымдастырылған осындай мәдени шаралар жастардың елге, жерге деген сүйіспеншілігін арттырып қана қоймай, ұлттық құндылықтардың қадір-қасиетін бағалауға ықпал етері сөзсіз.

«Тәңірден келген тәтті сый» мюзиклі мен «Жайлы мектеп барысы» – соның жарқын дәлелі.

Гүлдана АСАМИДАНОВА,
№19 мектептің директоры
ҚАРАҒАНДЫ

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• БЕЛЕС

Мерейлі мектеп мерекесі

Елімізде мыңдаған мектептер бар. Олардың әрқайсының өзіндік даму жолы елден ерек. Қарағандының орталығында, Нұркен Әбдіров даңғылында орналасқан №58 жалпы білім беретін мектеп мерейлі мерекесін атап өтті.

Тәуелсіздік күнінде Нұркен Әбдіров атындағы жалпы білім беретін мектеп 50 жылдық мерейтойын атап өтті. Бүгінде тағылымы мол тарихи білім ордасы.



Аялым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алғашқы кезде бұл ғимаратта Қарағанды педагогикалық институтының денешынықтыру, музыка және көркем-өнер факультеттері жұмыс істеді. 1974 жылы аталған

факультеттер Оңтүстік-Шығыс ауданына көшіп, мектеп шағын ауданның балаларын қабылдай бастады. 1975 жылғы 1 қыркүйекте 1200 оқушы болып, 45 мұғалім сабақ берді.

«Өткенсіз бүгін жоқ» дегендей, 50 жылдық тарихында мектеп

өмірінде талай ұстаздар өздерінің өшпестей ізін қалдырды. Әр шәкірттің жүрегіне жол тауып, асқақтаған арман қиялына жан бітіріп, сана-сына ақыл ұялатып, жаңа өмір жолына жол сілтеген ұстаздар мерекесі күні 10-11 сынып оқушыларымен қосылып, мектеп гимні «Нұркен-

рандарын» шырқады. Үздік ұстаздар марапатталып, мерекелік кешті тамашалады.

Мектепте 2013 жылдан бастап, қазіргі «Жас Сарбаз» сыныптарынан тәрбие мен оқытудың гендерлік типі бойынша тәжірибелік кадет сыныптары ашылды. Мектеп мерекесінде жас сарбаздар салтанатты жағдайда Отанға, мектепке адал болуға ант берді.

Айта кеткен жөн, «Жас Сарбаз» сыныптары Қарағанды қаласының әскери бөлімдерімен және жоғары оқу орындарымен 17 ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойған.

Сонымен қатар, Мәскеуде 2 мәрте өткен 3 және 4 Халықаралық Кадет балының қатысушылары, 2019, 2020 жылдары Киев қаласында өткен «ISF World Cool Games 2019-2020» халықаралық мектеп спорттық ойындарында Әзірбайжан, Қазақстан, Украина, Грузия, Қытай, Молдова, Хорватия елдерінің командалары қатысуымен өткен жарыста «Арыстан» командасы ел намысын қорғап жеңімпаз атанды.

«Жас Ұлан» әскери-патриоттық клубы «Айбын – 2019-2024» халықаралық әскери-патриоттық жастар жиынына қатысып, Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің намысын қорғап, бас жүлдені жеңіп алды.

• КЕЗДЕСУ

Оқушылармен ой бөлісті

Саран қаласының әкімі Дарын Бұлқайыр осындағы мектептер оқушыларының президенттерімен және белсенділерімен кездесіп, пікірлесіп, ой бөлісті.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ашық та кең диалог түрінде өткен бұл жүздесуде оқушылар өз идеяларын ортаға салды. Мәселен, олардың қала басындағы кәсіпорындарға экскурсия жасап, байқау жариялап, оның жеңімпазы бір күн қала әкімі болуы керектігі Дарын Бұлқайырға ұнап, сол бойынша байқаудың талаптары мен ережелері әзірленетін болды.

Ал, қала кәсіпорындарына экскурсия бұрын да жасалып келгенін, енді оған бүгін де еш бөгет болмайтынын айтқан қала әкімі өз кезегінде жоғары сынып оқушыларына кәсіпқой мамандармен кездесіп, әңгімелерін тыңдауды ұсынды.

Бұл олардың келешек мамандықтарын таңдауына бағытбағдар беретіні анық. Мұндай басқосударды жазғы демалыс кезінде өткізу ұйғарылды.

Сол сияқты кездесуде оқушылар қалалық «Саран газеті» базасында оқушыларға арналған газет ашу туралы да ойларын айтты.

САРАН

• ОЙТАНЫМ

Тәуелсіздік кепілі

Ұлттық тәрбие – әр халықтың рухани өзегі, мәдени мұрасы мен болмысының сақталуын қамтамасыз ететін басты құрал. Ол адам бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастырып, туған жеріне, тіліне, мәдениетіне деген құрметті күшейтеді. Алайда, бүгінгі таңда ұлттық тәрбиенің әлсіреуіне әсер ететін бірқатар факторлар бар.

Қоғамда жаһандану үдерісінен батыстық мәдениет пен тұтынушылық сана басымдық алып барады. Жастар шетелдік идеологияларға еліктеуге бейім. Бұл, ең алдымен, ақпараттық кеңістіктің өзгеруімен байланысты. Әлеуметтік желілер мен шетелдік БАҚ-тың ықпалы ұлттық болмысқа қауіп төндіретін қатер.

Сонымен қатар, білім беру жүйесінде ұлттық тәрбиеге жеткілікті көңіл бөлінбеуі де үлкен мәселе. Мектеп пен жоғары оқу орындары-

да патриоттық тәрбие беру көбіне формальды түрде. Тарих, әдебиет, мәдениет сабақтарының маңызын арттырмай, ұлттық сананы нығайту қиын. Ұлттық құндылықтардан алыстаған ұрпақ елдің дамуына жана-шырлықпен қарамай, өз болашағын басқа мемлекеттермен байланыстыруы мүмкін.

Ұлттық тәрбиенің әлсіреуіне әсер ететін тағы бір фактор – отбасылық институттың өзгеруі. Бұрын ата-әже тәрбиесі мен үлкендердің ақылы маңызды рөл атқарса, қазір

отбасы мүшелерінің көпшілігі жұмысбасты, балалардың рухани тәрбиесіне уақыт тапшы. Бала көбіне гаджеттерден, интернеттен алған ақпаратқа сүйеніп өседі. Ал, ол ақпараттың мазмұны ұлттық құндылықтарға сай келе бермейді.

Патриотизмді дамыту үшін ұлттық идеология жүйелі түрде жүргізілуі керек. Бұл ең алдымен, мемлекеттік саясаттың басым бағытына айналуы қажет. Ұлттық мерекелер, тарихи оқиғалар, батырлар мен ұлы тұлғалар туралы насихатты күшейту керек. Білім беру мекемелерінде ұлттық сана-сезімді арттыруға бағытталған бағдарламалар енгізіп, жас ұрпаққа қазақ халқының бай тарихын, дәстүрін сіңіру қажет.

Ұлттық тәрбие тек мектепте немесе жоғары оқу орындарында ғана

дық ғұмырында жеткен жетістіктері де аз емес. «Наз» хореографиялық тобы Астана қаласында өткен «Baby talent» Халықаралық би фестивалінде I орын, Қарағандыда өткен «Мен жұлдызбын» республикалық хореография байқауында II орын, «Сәлем, Астана!» халықаралық фестиваль – байқауында II орын, облыстық «Би әлемі» байқауында II орын және жаканда «Аврора» мәдениетті қолдау қорының ұйымдастыруымен өткен «Би!» Жаңа жылдық маусым!» республикалық би байқауында жүлде I орынды иеленді және Өзбекстан мемлекеті, Ташкент қаласында өтетін «Tashkent music festival» халықаралық байқауына жолдана ұтып алды. Жалпы бишілік өнер – бөлек әлем. Оның дамуында шек жоқ.

«Әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына жәрдем бер...» дегендей, бүлдіршіндерімізге жол қаражаты, костюм, сахналық образ жасауда демеушілік көрсетіп отырған ата-аналарымызға, оқушыларды байқауға дайындап, маңдай терін төгіп жүрген сынып жетекшісі Майгүл Рымханқызына ризашылығымызды білдіреміз.

Би өнері – эстетикалық құрал. Би арқылы түрлі ұлт өкілдерінің өзіндік ерекшеліктері, іс-қимылдары көрініп тұруы қажет. Сезім мен ой тереңдігін, өмірге деген құштарлықты тілсіз жеткізетін «Наз» би ансамблінің алар асуы әлі алда. Көк байрағымыздағы қыран құс сынды қанатын кеңге жайып, жыл өткен сайын репертуар қоржынын толықтырып, өз өнерлерімен жұртшылықты қуанта береді деп сенеміз.

Орынқұл ЕСЕБАЕВА
№14 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

• АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

Телемедицина тыңдаушыларын іздейді

Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы «Облыстық медицинаға қадам» жобасын бастаған болатын.

2022-2023 оқу жылынан Жамбыл атындағы мектеп осы жоба аясында жұмыс істеп келеді. Мектебімізде әр саладағы дәрігер мамандармен кездесулер өтіп, медициналық университеттегі анатомиялық музейлерге, симуляциялық кабинеттерге экскурсия жасалды. Сонымен қатар, биология пәні мұғалімдері тәжірибелік сабақтарды назарға ұсынады.

Қыркүйек айынан бейнілік пән ретінде «Телемедицина» курс бағдарламасын әзірледі.



«Телемедицина» курсының бағдарламасы медициналық сыныпқа бағытталған және 8 сынып оқушыларына арналған.

Бұл факультативті курстың мақсаты – оқушыларды телемедицина технологияларымен, олардың биологиялық және медициналық аспектілерімен таныстыру, сондай-ақ, заманауи денсаулық сақтау саласында телемедицина мүмкіндіктерін зерттеу. Қазіргі заманғы медицинада телемедицина денсаулық сақтау қызметтерінің қолжетімділігін арттырып, диагностика, емдеу және алдын алу шараларын жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл курс оқушыларға осы саладағы негізгі ұғымдарды, технологияларды және олардың адам ағзасына тигізетін әсерін түсінуге көмектеседі.

Курс барысында оқушылар телемедицина тарихы, оның негізгі ұғымдары және артықшылықтарымен танысады. Олар телемеди-

цинаның биологиялық аспектілерін, қашықтықтан диагностика және емдеу әдістерін меңгереді. Телемедицинаның болашағы мен оның этикалық мәселелерін талқылайды.

Курстың мазмұны оқушылардың сыни ойлауын, зерттеу дағдыларын және заманауи технологияларды қолдану қабілетін дамытуға бағытталған. Теориялық бөлімдер оқушыларға қажетті білім берсе, практикалық сабақтар олардың алған білімдерін нақты өмірде қолдануына мүмкіндік жасайды.

Бұл оқушылардың медицина және биология саласында білімдерін тереңдетуге, заманауи технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, табысты маман болуға ықпал етеді.

Назерке НУРМАШҚЫЗЫ,
Жамбыл атындағы мектептің биология пәні мұғалімі

• КІТАП – БІЛІМ БҰЛАҒЫ

Отандық әдебиет олжасы

Қарағандыдағы №21 негізгі орта мектепте «Оқырман. Отбасы. Театр» шығармашылығы, сондай-ақ «Балалар кітапханасы» бағдарламасының аясында шара өтті. Балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» шығармасы бойынша театрландырылған қойылым қойылды.



Көрнекі шарамыз ұлттық әдебиетіміздегі үздік туындыларды оқу және насихаттау, оқу ісін ілгерілету, сондай-ақ, жастарға рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беруге бағытталды.

Сонымен қатар, сахналық қойылым қоғамның отандық әдебиетке, оның ішінде, классикаға, қазіргі әдебиет пен поэзияға деген қызығушылығын әрі қарай жоғарылатуға мүмкіндік туғызды. Балалардың айтуынша сценарий жазылып, шығарманы суреттеу оларға қатты ұнады. Театрландырылған қойылым арқылы

кітап оқуды өзмізге азық қылып алдық. Шығармаларды оқып, кітап беттерін сахнада сойлеттік. Шара оқушыларды, ата-аналарды және ұстаздарды біріктіріп, оқу мен шығармашылық арқылы отбасы құндылықтарын нығайтты. Өскелең ұрпақты тәрбиелеу бойынша кешенді жоспардың бір бөлігіне айналды.

Сандиғұл ИСИННА,
№21 негізгі орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі

ҚАРАҒАНДЫ

• МЕКТЕП ӨМІРІНЕН

Q talks – құндылыққа негізделген

Алаштың мәңгі құндылықтарын бүгінгі ұрпақ бойына сіңіру ұлттық бірегейлігімізді сақтап, болашаққа жол ашудың маңызды қадамы. Бұл міндетті орындауға әрбір адам өз үлесін қосуы қажет.

Жуырда мектебімізде «Ziatkerlik modernizatsia – 23» жобасы аясында жоспарлы Q talks шарасы өтті. Озық тәжірибелерімен бөлісу мақсатында құрылған жобаға спикер ретінде қала мектептерінің жас мамандары қатысты. Білім ордасында үш жыл қатарынан ұйымдастырылып жатқан пікір алаңында спикерлер өз тәжірибесімен бөлісті.

Алаш қайраткерлерінің басты мақсаты – қазақ елінің егемендігі мен тәуелсіздігін сақтау. Ұлы тұлғалар қалыптастырған ұлттық санамызды жаңғырту – бүгінгі тәуелсіздігіміздің берік ұстанымы. Бұл құндылық – бүгінгі күні Жаңа Қазақстанның мемлекет ретінде нығаюының негізі. Алаш зиялылары білім мен ғылымды дамытуды ұлттың өркендеуінің басты шарты деп білді. Бүгінде мектеп оқушыларын сапалы білімге баулу – еліміздің болашағы үшін аса маңызды. Осы жолғы Q talks жобасына түрткі болған негізгі тақырып – «Алаштың мәңгі құндылықтары». Спикерлер тақырып аясында ой қозғады. Шараға қатысқан жас мамандардың әрқайсысы Алаш зиялыларының идеялары туралы ой бөлісті. Ұлт тәуелсіздігі, білім, мәдениет, әділетті қоғам құру сияқты ұстанымдары мен мұраларын оқушы бойына тәжірибеде оқытудың тәсілдері мен жаңаша платформалары арқылы жүзеге асыруға болатынын сөз барысында тиек етті.

Мектеп өнерпаз оқушыларының «Қазақстан – егемен елім» атты хоры мен жас домбырашылар оркестрінің орындаған «Ер Туран» күйі көпшілікті тәнті етті. Q talks шарасына қатысқан қалалық білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Төлеубике Байжігітова қатысқан жас мұғалімдерге сәттілік тіледі. Әдіскер Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның «Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» сөзін негізге ала отырып, адам баласы өз бойындағы адамгершілік қасиетімен өз еліне адал қызмет ете алатынын жеткізді. Шараға қатысқан барлық спикерлер қалалық білім бөлімі басшысының Алғыс хаттарымен марапатталды.

Ата-бабамыздан қалған ұлттық құндылықтарымыз арқылы білім саласында жол көрсетер болсақ, бүгінгі білім алушыларымыз егеменді еліміздің өзгерістеріне жоғары мәдениетті деңгейде бейімделе алады деп сеніммен айта аламыз. Алаш қайраткерлерінің асыл мұрасы, олардың ерен ісі кейінгі ұрпаққа қашанда өнеге болмақ.

Құндылықтарға негізделген шара өз мәнінде мазмұнды, тартымды әрі жүйелі өтті. Q talks шарасы қатысушыларға шабыт берді.

Жайран РАКИШЕВА,
№36 мектептің директоры
ҚАРАҒАНДЫ

• ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

Тәрбиенің талбесігі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде негізгі құндылықтарды атап өтті. Бұл құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізіне айналып отыр.

Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар отбасы, білім беру ұйымдары және қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізіледі. Алдымен бала отбасында ұлттық тәрбие көзінен нәр алып, халық ауыз әдебиетімен сусындайды. Ата-аналар ертегі, аңыздар, тарихи шежіре, кюсса-дастандар, өлең жырларды көбірек балаға сіңірсе, баланың пікірі қалыптаса бастайды. Уақыт өте, бала мектеп жасында қоршаған ортада, құрдастары арасында өзіндік ойы бар жеке тұлға екенін көрсетеді. Сынып жетекші тек тәрбиелеуші ғана емес, тек оқытушы ғана емес

• КӘСІПТІК БАҒДАР

Медицина дегеніміз мейірім

Мағжан Жұмабаев атындағы гимназияда қала мектептерінің және гимназиямыздың медицина сыныптарының оқушыларымен ерекше кездесу өтті. Медицина ғылымының кандидаты, білім беру ісінің үздігі, денсаулық сақтау ісінің үздігі Аманжол Нұрбеков тәжірибесімен бөлісіп, жастарға денсаулық сақтау саласындағы кәсіби даму жолдары туралы мағлұмат берді.

Кездесу барысында Аманжол Нұрбеков жастарға денсаулық сақтау жүйесінің маңыздылығы мен осы салаға деген қызығушылықты қалай арттыруға болатыны туралы баяндай отырып, медициналық білім мен дағдыларды дамытудағы басты қадамдар жайлы айтты. Ол медицина саласына келген әрбір адамның ең бірінші кезекте жанаңшылық пен мейірімділік көрсетуі керек екендігін, адамның денсаулығына қамқорлық жасауы тек кәсіби міндет ғана емес, қоғам алдындағы жауапкершілік екенін баса айтты.

Оқушылар медициналық білім мен дағдыларды практикада көрсету мақсатында алғашқы көмек көрсету бойынша көрме ұйымдастырды.

Көрмеге қатысушы оқушылар түрлі жағдайларда алғашқы көмек көрсету әдістерін көрсетті. Олар жүрек талмасы, жарақат алу, есінен танып қалу, қан тоқтату және басқалық шұғыл жағдайларда қолданылатын көмек тәсілдерін мұқият түсіндірді. Шарада оқушыларға жедел жәрдем шақырудың жолы, медициналық көмек көрсету кезінде қажетті құралдарды қолдану мен дұрыс әрекет ету тәсілдері туралы баяндады.

Аманжол Нұрбеков мектеп оқушыларын медицина саласына қызықтырып, олардың болашақта осы салада өздерінің білімі мен дағдыларын дамытудың жолдарын түсіндірді. Мектептегі меди-

цина сыныптарында оқып жүрген оқушыларға өмірлік дағдылар мен медициналық терминологияны түсіну, зерттеу жұмыстарын жүргізу, адам ағзасының құрылымы мен ауруларын оқып үйрену болашақ

тығыз байланысты. Осы ретте, болашақ дәрігерлер ғылыми ізденістерге қызығушылығы мен заманауи технологияларды игеруге дайын болуы керек. Жас мамандардың дамуы үшін ғылыми зерттеулер мен ме-



жас мамандар үшін аса маңызды екенін атап өтті.

– Қазіргі кезде медицина ғылымы тек теориялық біліммен шектелмейді. Сонымен қатар, практика мен технологиялардың дамуымен

дидиналық тәжірибелердің маңыздылығын тілге тиек етіп, әрбір дәрігер мен медициналық қызметкердің өзіндік біліктілігін арттыруы қажет. Бүгінгі таңда медицина мен технологияның ықпалдастығы

адам өмірінің сапасын арттыруда үлкен рөл атқарады. Бұл салада жұмыс істегісі келетін әрбір жас маман ең алдымен, өзіне талап қойып, осы бағыттағы білімін үздіксіз жетілдіріп отыруы керек, – деді Аманжол Нұрбеков.

Елімізде және әлемде денсаулық сақтау саласында жеткен жетістіктері мен жаңа инновациялық технологиялар туралы тың жаңалықтарды сөзіне арқау еткен ғалым Қазақстандағы медицина-

тептерде медицина сыныптарының ашылуы мен оқушылардың ерте жастан медициналық білім алу мүмкіндігі артып келе жатқанына өз қуанышын білдірді.

Шара барысында гимназиямыздың тарих пәні мұғалімі Жаннұр Искакова өннен шашу шашып, 11 сынып оқушысы Әділет Айданбек Мұқағали Мақатаевтың «Жоқ, дәрігер» атты өлеңін нақышына келтіре оқыды.

Шараның ерекшелігі – медициналық білім мен дағдылардың тек болашақ дәрігерлер мен медициналық мамандарға ғана емес, барлық адамдарға қажет екенін көрсетуі. Алғашқы көмек көрсету дағдылары әрбір адамның өмірінде маңызды рөл атқарады. Себебі, күтпеген жағдайларда алғашқы көмек көрсетудің дұрыс тәсілдері адам өмірін сақтап қалуға көмектеседі.

Кездесу соңында Аманжол Нұрбеков жас дарындарға болашақта өз мүмкіндіктерін пайдаланып, қоғамға пайдасын тигізетін маман болып шығуларына сәттілік тіледі.

Медициналық білім мен дағдыларды үйрену – тек кәсіби сала ғана емес, бұл адамзатқа қызмет ету жолы. Оқушылардың кәсіби дамуына зор әсер еткен бұл кездесулер осындай маңызды тақырыптарды талқылап, болашақ медицина мамандарының білімдерін арттырып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашудағы маңызды қадам екенін айdan анық.

Қорлан САДВАКАСОВА
М.Жұмабаев атындағы
гимназияның химия пәні
мұғалімі

ҚАРАҒАНДЫ

• «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ»

Тәжірибе алмасты

Жақында Әлихан Бөкейхан атындағы мектепте «Нысаналы мектеп», «Зияткерлік модернизация» жобалары аясында «Ынтымастасқан, бірлескен орта жаңаша білім берудің кепілі» кәсіби қоғамдастығының тәжірибе алмасу семинары өтті.



Семинарда «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын негізге ала отырып, орта қалыптастырудағы тиімді тәсілдер бойынша, химия, ағылшын, орыс тілі пәндерінен ашық сабақтар ұйымдастырылды. Семинарға «Нысаналы мектеп» жобасына қалалық

білім бөлімінің маманы Төлеубике Рымханқызы және білім ұйымдарының әдістемелік бірлестік жетекшілері қатысты.

«Зияткерлік модернизация» жобасы аясында қатысушылар білім беру үдерісіндегі жаңа

әдіс-тәсілдермен бөлісіп, жобаның нәтижелері мен алдағы жоспарларын талқылады. Сонымен қатар, мектеп оқушыларының шығармашылық жұмыстары мен ғылыми жобаларының көрмесі ұйымдастырылды. Семинардың ерекше бөлігі Әлихан Бөкейхан мектебі мұғалімдері мен жоғары сынып оқушыларының ұйымдастыруымен өткен Тәуелсіздік күніне арналған концерттік бағдарламамен жалғасты. Кеште мұғалімдер мен оқушылар өнерлерін көрсетіп, патриоттық әндер айтып, Алаш дәуірінен көріністер қойды. Осылайша шығармашылық қабілеттерін паш етті.

Мәдени-рухани кеш ерекше көңіл күй сыйлап, мектеп жұмысының ынтымағы мен шығармашылық әлеуетін айқындады.

Ж. СЕЙТЖАНОВА,
Ә. Бөкейхан атындағы
мектептің ағылшын тілі пәні
мұғалімі

• ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Көркем әдебиет көштен қалдырмайды

Тәуелсіз мемлекетіміздің рухани жаңғыру жолында ұлттық идеяны нығайтудың мәні орасан. Егеменді еліміздің ұлттық идеясының негізгі діңгегі – салт-дәстүріміз, халқымыздың мәдениеті мен өнері.

Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу, насихаттау, жаңғырту бүгінгі білім саласының маңызды тақырыбына айналып отыр. Білім беру саласында өскелең ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастыруға негіз болатын бірден-бір жол қазақ әдебиеті пәнін оқу барысындағы халық ауыз мұралары мен әдеби туындыларды қарастыру, жетік меңгеру, ұлттық болмысымызды айқындайтын көркем туындыларға арқау болған оны кеңінен насихаттау керек екенін атап өткізеді. Қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі ретінде мектеп оқушыларының рухани-адамгершілігі және ұлттық құндылықтарын қалыптастыруда әдеби білімді, атап айтқанда, мазмұны өз елінің өнегелі, саналы азаматын тәрбиелеуге ықпал ететін тәрбиелік әлеуеті зор поэзиялық туындыларды ұсынатын едім.

Отанды қорғау, татулықты сақтау, туған тілді мансұқтау сынды ұлттық құндылықтарды көксеген тақырыптар қазақ поэзиясында XIX ғасырдың екінші жартысы, XX ғасырдың басы, кеңестік кезең әдебиетінде жүйелі жалғасын тауып отырды.

Қазақ халқының ұлттық құндылықтарына ең әуелі – туған жер, туған тіліміздің қадір-қасиеті, ұлттық салт-дәстүрлеріміздің, тарихымыздың мән-маңызы жатады. Осыған сәйкес, оқушылардың отансүйгіштігін, патриоттық рухын аскақтатып, туған жеріміз бен елімізге, тарихымыз бен ана тілімізге деген құрмет сезімдерін қалыптастыратын поэзия туындыларын кеңінен оқыту олардың ұлттық саналарын қалыптастырары сөзсіз.

Мәселен, Мағжан Жұмабаев «Туған жер» өлеңінде:

*«Сенен басқа жерде маған қараңғы,
Жарық болар Шолпан, Айым,
сен – Күнім.
Тәтті суың дәмі аузымнан
еш кетпес,
Қалың нуың, қыр,*

суыңа жер жетпес», – деп, туған жерге деген махаббатын нәзік сезіммен жырлайды. Өз Отанын құрметтейтін, шексіз сүйетін әрбір адамға туған жерінен артық жер жоқ.

Ақын ақын Мұқағали Мақатаев та туған жер тақырыбын жырлаған ұлтжанды ақындардың бірі. Өз туындыларында Отанның, туған жер мен туған тілдің қымбатын атап өтіп, қазақ халқының ұлттық құндылықтарын сыршыл поэзиясына қосқан мұзбалақ ақын өзінің «Отан» атты өлеңінде:

*«Мен оның түнін сүйем,
күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау,
сүйін сүйем.
Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның құдіретті
үнін сүйем», –*

деп, өзінің патриоттық сезімін қара өлеңге арқау етеді. Қазақ тілін қасиетке, қазақ үнін құдіретке балаған ақынның ой астарында туған жердің бәрінен биік тұратын үлкен құндылық екенін түсінеміз.

Ұлттық құндылықты білім бүгінгі оқыту кезеңінде, оның ішінде, қазақ әдебиетін оқыту үдерісінде маңызды өзектілікке айналып отыр. Ұлттық құндылықтарды өз жөлісіне арқау еткен тамаша поэзиялық туындылар жетерлік. Олардың бәрі де өз оқымандарын биік мұраттарға үндеп, жас ұрпақтың ұлттық саналарын қалыптастыруға қызмет етеді.

Қазақ әдебиеті сабағында дарынды ақандарымыздың рухты шығармаларын заманауи оқыту әдістерін қолдана отырып, оқыту негізінде әдеби шығармаларды ұлттық дүниетаным, төл құндылықтарымызбен ұштастыру жемісті нәтижесін беретініне сенімдімін.

Жанна РҮСТЕМОВА,
Жараспай жалпы білім
беретін мектебінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі

Нұра ауданы

Бұқар жырау ауданы

• МЕКТЕП ӨМІРІНЕН

Үлгілі үйірмелер

Абай қаласындағы А.Құнанбаев атындағы №5 мектеп-гимназиясында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру мақсатында 1-11 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған іс-шара өткізілді. Шараға 270-ке жуық ата-ана қатысты. Бұл шара мектептің тәрбие жұмысының біртұтас жүйеге негізделгендігін және балалардың жан-жақты дамуына бағытталғанын көрсетеді.

Шара мектептің әр қабатында ұйымдастырылған түрлі үйірмелер мен жобалар арқылы өтті. Келген ата-аналарды құрметпен қарсы алып, мектебіміздің екінші қабатында «Жас бүркіт» әскери-патриоттық клубының екі кіші тобы, 7-сынып қыздары мылтықты жинап, оны ретімен бұзуды көрсетіп, өз шеберліктерін танытты. Мылтық жинаудағы жылдамдық 22 секундты құрап, көрермендер назарын аударды. Бұл қойылым арқылы оқушыларымыздың шеберлік деңгейі мен тәртіптілік, жылдамдыққа деген қабілеттері айқын көрініс тапты. Мұндай іс-шаралар оқушылардың әскери-патриоттық рухын көтеріп, олардың болашақта еліміздің қорғаушысы болуға деген ұмтылысын



арттыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар, бағдарламамыздың келесі бөлімінде «Абайтану» курсының білім алушылары Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай ұлы ақынның өлеңдерін жатқа оқып, көрермендерді тамсандырды. Оқушылар ақынның терең ойлары мен көркем сөздерінен шабыт алып, оның рухани мұрасына деген құрметтерін білдірді. Абайдың өлеңдері арқылы балалар өздерінің әдеби білімдерін шыңдап, ақынның өмірі мен шығармашылығының мән-маңызын терең түсінді. Бұл

шара оқушылардың ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігін арттырып, Абай мұрасын танып-білуге бағытталған маңызды қадам болды. «Мен және экология» үйірмесінің қатысушылары пластик қалдықтардан жасалған шығармаларын ұсынып, Жандос Құрмет есімді оқушы жобасын таныстырды. Бұл жоба экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған маңызды қадамдар туралы ой тудырды. Оқушыларымыз табиғатты қорғау мен экологияға деген жауапкершілікті шығармашылық арқылы көрсетіп,

пластик, қағаз, ағаш секілді экологиялық материалдардан түрлі бұйымдар жасады. Бұл балалардың қоршаған ортаға деген жанашырлықтарын, сонымен қатар, қолөнердегі шеберліктерін дамытуға зор мүмкіндік берді.

Алтын ОНТАЕВА,
А.Құнанбаев атындағы
№5 мектеп-гимназиясы
директорының тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары

Абай қаласы

• «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП»

Мен оқыған бір кітап

«READX» – XXI ғасырда үлкен сұранысқа ие, кітап сүйер қауымның сүйікті жобасы. Жобаның ұраны – «Оқуға ұмтыл!». Жобаға қазақ және орыс сыныптарынан 12 оқушы қатысты.

«READX» жобасының мақсаты – оқушылар арасында кітап оқуды насихаттау әрі қызығушылықты арттыру. Сондай-ақ, әдеби шығармалардың құндылығы мен мазмұнын дәріптеу. Ол – озық оқырманды анықтау және тамаша шығарманы оқуға кеңес беруге арналған алаң. Мұнда жас ерекшеліктеріне қарамастан қаты-

сушылар өз ойтолғаулары мен жиған-тергендерін ортаға салады. Әдетте, аудиториядағы оқушыларға шара басталмас бұрын бағалауға арналған екі топшамалар таратылды. Екі топшаманың бірін көтеру арқылы оқушылар кітапты «Оқимын» немесе «Ойланамын» деп дауыс береді.

Қатысқан оқушылар өз-

дерінің оқыған шығармаларының қызықты жерлеріне қысқаша тоқталады. Атап өтетін болсақ, 10 «Ә» сынып оқушысы Әлия Табиғатқызы Төлен Әбдіқовтің «Оң қол» атты шығармасын ойдағдай жеткізе білді. 10 «В» сынып оқушылары Айғаным Мұханбетжан мен Дария Рахман, Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романмен бөлісті. Оның ұнағаны соншалық барлығы бірауыздан «оқимын» деген топшаманы көтерді. Сипаты мен мазмұндық тереңдігіне тоқталып кетті.

Дауыс беру арқылы көрермен оқушылардың қай көркем шығармаға қызығушылығы туғанын анықталды. Жоба соңында әрбір Табиғатқызы Төлен Әбдіқовтің «Оң қол» атты шығармасын ойдағдай жеткізе білді. 10 «В» сынып оқушылары Айғаным Мұханбетжан мен Дария Рахман, Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романмен бөлісті. Оның ұнағаны соншалық барлығы бірауыздан «оқимын» деген топшаманы көтерді. Сипаты мен мазмұндық тереңдігіне тоқталып кетті.

Жанар ҚҰСАЙЫН,
№102 мектептің
кітапханашысы

• ҚҰНДЫЛЫҚ

Тұлғаны мектеп тәрбиелейді

Бала тәрбиесі – адамның жеке тұлғасын қалыптастыруға, моральдық және әлеуметтік жауапкершілікті сезінуге ықпал етеді. Құндылықтар адам өмірінің мәнін анықтайды.

Бала тәрбиесінде басты құндылықтар ретінде: адамгершілік, ізгілік, әділдік, құрмет, жауапкершілік, төзімділік және адалдық сынды қасиеттерді балаға сіңіру міндет. Бұл құндылықтар балалардың жеке тұлға ретінде қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Егер бала осы құндылықтарды сіңірсе, өз әрекеттерін саналы түрде бақылап, қоғамда бейбітшілікті сақтауға, адамдармен үйлесімді қарым-қатынас жасауға қабілетті болады.

Мысалы, адамгершілік баланың мінез-құлқы мен жүріс-тұрысына айқын әсер етеді. Әділдікке, адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу өмірде өз орнын табуға, басқалармен келісімде өмір сүруге мүмкіндік береді. Құрмет пен жауапкершілік балаға қоғам алдындағы міндеттерін сезінуді үйретеді.

Ата-аналардың балаларына берген өнегесі мен үлгісі, олардың қарым-қатынас мәдениеті, жеке тұлғалық қасиеттері баланың мінез-құлқына тікелей әсер етеді. Мысалы, бала ата-анасы мен үлкендерге құрмет көрсетіп, адал болуды көрсе, ол да осыны өз өмірінде ұстанатын болады.

А. ШЕРЖАНОВА,
Ж. Ақбаев атындағы жалпы
білім беретін мектептің
математика пәні мұғалімі

• БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

«Біздің шыққан тегіміз – балалық шақ»

Мен кітапты оқырман ретінде ғана оқиды екенмін. Яғни, шығарманың кейіпкері болып, оқиғалар желісінен өзімді іздемеймін.

Қолымда кезекті көркем шығарма. Әдеттегідей қызығушылықтан немесе кездейсоқ таңдап алынған жоқ. Бұл шығарманы қажеттіліктен оқығалы отырмын. Жұмыс бойынша.

Кітапханамыздың ішінде орналасқан «Qasym» кітап дүкенінің сөресінен ала сала, терезеден түсіп тұрған күн сәулесімен шағылыстыра, кітапты фотосуретке бір түсіріп алдым. Кітап сатып алатын оқырманның әдеттегі қылығы бойынша. Кітапты парақтап шықтым.

Қолымдағы кітапты көз жүгіртіп оқып тұрмын. Бір ғана сәттік сезім... Алыстағы шырайлы жаздың жайлауы, сол жайлаудың самал желін сезіп, аяғыммен көк шөпті басып тұрғандаймын. Тамағым бір өксік келіп, «түрден айналайын» деген сөз тіліме орағытып, ойымды бөліп, кітапты әрі қарай жалғастыруға кедергі жасай берді...

Бұл сезімді барлық есейген адам басынан өткерер еді. Өйткені бұл – сыр тартсаң, санада жанғырып, сартап сағынышқа ұласатын, шекарасынан өтсең, шаттықтың самалы жаныңды жадырататын – балалық шаққа саяхат еді.

Ойымда жаңғырық боп, тіл ұшына келген бұл сөз менің балалық шағымның ең шырайлы, мейірімге толы сөзі екен. «Мен апаның үйіне кеттім» деп сөмкемді арқалап, 2 апталап апамның (нағашы) маған арнаған тәтті-дәмді сарқытына маз боп, кіркендейтін жұмыс жасағанына бола көптеген мақтау сөздер естіп марқайып жүретін, мектепте 1 парак мақтау қағазын алғанына бірнеше мыңдап ақша алатын балалық шағымның жанды жылытар ыстық естеліктері бірінен соң бірі еске орала берді.

Әр оқырман бұл повесті оқып отырып, балалық шағына дәл осылай саяхат жасайтын болса, демек жазушының тілегі, мақсатының орындалғаны ғой.

«Жазсаң, Бердібекше жаз. Өрнені, соның ішінде сөз өнерін күрделендіру оңай, жеңілдету қиын», дәл айтылған тұжырым. Оқиғаны, образды, әңгімені Бердібекше кестелей алмаған соң бекер екен, нағыз қазақы желі-жүйе, әңгіменің ауаның тігісін жатқыза жеткізу осындай болса керек. Бердібек Соқпақбаевты оқымай балалық шақтан болашаққа қадам баспаған адам кемде-кем шығар, бәлкім.

Ал, мен жазушының көпке әйгілі, ең атақты «Менің атым Қожа» да оқы-



маған екенмін, фильмді көріп тамсану, Қожаның образына қызығу бөлек те, кітапты парақтап, кейіпкердің сырын ұғыну бөлек екен.

Жазушының шығармаларын оқып отырып бір уақытта мұңая да, қуана да аласың, сағынып та, армандап та үлгересің. «Балалық шаққа саяхатын» оқып отырып, мен дәл осындай алуан түрлі сезімдерде болдым. «Аяжанды» оқып отырып, өкіндім. Шығарма кейіпкерінің шынайылығына берілдім, мен де Аяжан секілді бала кезімде елзек, білімге құштар болғаным

да ғой дедім. «Жекпе-жек» оқып отырып, адамды арманы ешқашан алдамайтынын сезіндім.

«Бердібекше сөз жазу, ой тербеу деген...» деп таңдай қақтым. Толқидым. Жазу стиліне қызықтым. Эх, шіркін!

Өткен жылы Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтіп жатыр. Биыл шығармалары қайта парақталып,

яғни, кейіпкерінің шынайылығына сендіре білген, актер, жазушы Нұрлан Санжар ағамен кездесіп, сүбелі сұхбатын тыңдап, қолтаңбасын алдым.

Кітапханада ұйымдастырылған бұл кездесу барлығымыздың ең ыстық естелігімізге айналатыны хақ. Біздің де болашақ ұрпақ үшін ауыз толтырып айта алатын «мен Қожаны өз көзіммен көргенмін» деген аңыз әңгімеміз болатын болады.

• КЕЛ, ОҚИҢЫ!

Сіз естімеген 10 диалект

Қазақ тілі өзінің байлығы мен алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Әрбір аймақтың өзіндік сөйлеу мәнері, ерекше сөз қолданысы – қазақ тілінің шексіз қазынасының бір көрінісі.

Диалект сөздер тек аймақтарда қолданысқа ие, сол жердің мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін тілдік ерекшеліктер. Төменде сіз білмеген 10 диалект сөзді қарастырып, олардың мән-мағынасын түсіндіріп кеттім.

«Шыққыш» – бұл сөз батыс өңірлерде қолданылады және «шыдамсыз», «өткір мінезді» дегенді білдіреді. Мысалы, бір адам әр нәрсеге тез жауап қайтаруға бейім болса, оны «шыққыш» деп атайды.

«Лөкар» – бұл Шымкент және Түркістан аймақтарда қолданылады. «Қажетке әрең жарап тұрған, жоқтан бар қылып жасалған» немесе «сондай күйде тұрған» деген мағынаны береді.

«Пісте» сөзі оңтүстікте күн-бағыстың дәні, шемішкеге қолданылады. Мысалы «Нәзіпа апа дүкенінен алған пісте өте дәмді болды».

«Жише» – жеңгеге (жасы үлкен туыстың әйелі) жұмсартып айтылатын қаратпа сөз. Мысалы: «Бүгін Жуалыда тұратын жишем қонаққа шақырды». Көбінесе Шымкент пен Таразда қолданылады.

«Бертәшкі» – вертячка (ресми:айналма/ценурос) ауруының қазақша бейімделіп кеткен нұсқасы. Мысалы: «Ленгірдің ро-керлері «бертәшкі» қой секілді бір орында айналып жүр».

«Какандоз»/Әкендоз/Әкандоз – пештің күлін шығаратын қалақ. Мысалы: «Апам «Құстар қайтып барады» әнін бақыртып қосып қойды да, әкендозбен пештің күлін алып, от жағуға кірісті. Оңтүстік Қазақстанда, Өзбекстан, Ташкентте көп қолданылады.

«Рабайда»/рбайда – бір кейде, анда-санда, оқта-текте. Мысалы: «Рабайда болмаса, біздің ранчода демократияның иісі де шықпайды», – деді Чарли жишесіне.

«Шылапшы» – кір қол жууға пайдалынатын түбі таяз, металдан

жасалған көлемді ыдыс, леген, табак. Мысалы: «Джонни Чарлидің желкесінен шап берді де, ранчо-ның алдында тұрған шылапшыға басын бір-ақ тықты». Батыста қолданылады.

Ауан – есі ауысқан, жыңды. Мысалы: «Менің Жуалыда тұратын бір ауан досым бар». Батыс аймақтарда қолданылады.

«Мәтөк» – сылап-сипанып жүретін, сәнқой адам. Мысалы: «Әй Чарли, ранчоға бір барып келіп едім, мәтөк боп кетіпсің ғой, ә»деді де, Джонни аузында бағанадан беріп жиналып қалған пістенің қабықтарын жерге түкіріп жіберді». Атыраудың танымал сөзі деуге болады.

Диалект сөздер – тек бір аймақтың тілі ғана емес, бүкіл қазақ тілінің қазынасы. Оларды зерттеп, қолданысқа енгізу арқылы әдеби тілдің де дамуына ықпал етуге болады. Сонымен қатар, мұндай сөздер қазақ тілінің түрлі аймақтық ерекшеліктерін көрсетіп, ұлттық бірегейлікті сақтауға мүмкіндік береді.

Қазақ тілінің әрбір диалект сөзі – халықтың өткенінен сыр шертіп, қазіргі тұрмысын бейнелейтін қазына. Олар күнделікті өміріміздің ажырама бөлігі болып қана қоймай, ұлттық мәдениетті сақтауға үлес қосады. Диалект сөздерді қолдану арқылы біз қазақ тілінің байлығын кеңейтіп, оның әсемдігін паш ете аламыз.

Гүлім СОВЕТ,
Босаға жалпы білім беретін
мектебінің 11-сынып оқушысы

Шет ауданы

Дайындаған Аяулым СОВЕТ, «Ortalыq Qazaqstan»

Ұлжан ЖАМАУОВА,
Абай атындағы облыстық балалар
кітапханасы
инновациялық әдістемелік
бөлімінің кітапханашысы

Үздік үштіктен үміттіміз

Қытайдың Харбин қаласында өтіп жатқан Азия ойындарының аяқталуына да санаулы күндер қалды. Ал, отандастарымыз жарыс басталған күннен-ақ ел қоржынына жүлде салумен келеді. Ұлттық құрама сапында өнер көрсеткен жерлесіміз биатлоншы Владислав Киреев ел қоржынына үшінші алтынды салды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Фристайл-акробатикадан Ұлттық құрама тарихи алтын медаль жеңіп алды. Ел қоржынына бір емес, қос алтынды салды. Әуелі фристайл-акробатикадан ерлер құрамасы алтын салды. Құрама сапында өнер көрсеткен Шерзод Хаширбаев пен Роман Иванов.

Аралас командалық сында күміс медаль жеңіп алды. Команда сапында Аяна Жолдас, Асылхан Асан және Шерзод Хаширбаев өнер көрсетті. Ал, шаңғы жарысынан ерлер арасында сығға түскен Олжас Климин қысқы Азия ойындарының қола жүлдегері атанды. Ол 10 шақырымға еркін стильде сайысқа түскен болатын. Осы аталымда сығға түскен тағы бір отандасымыз Владислав Ковалев мәре сызығын – алтыншы, Наиль Башмаков – 10-шы, Ернар Нұрысбеков – 16-шы болып кесті. Конькимен жүгіру сайысында



ерлер арасындағы 500 метрге жүгіруден өнер көрсеткен Евгений Кошкин қола жүлде бұйырмады. Мәре сызығын төртінші болып кесіп, ел үшін керемет нәтиже көрсетті. 3000 метрге әйелдер бәсекесінде Надежда Морозова да жүлдегерлер қатарына бір саты жетпей, IV орынмен бәсекені аяқтады.

Шайбалы хоккейден Қазақстан

құрамасы плей-офф кезеңінде қарсыластарын ойсырата жеңді. Бұл кезеңде Гонконг құрамасы отандастарымызға қарсыласа алмады. Үш айналым қорытындысы бойынша 24:0 есебімен тізе бүктірілді. Енді ел құрамасы жарғылай финалда Қытай құрамасымен кездеседі. Қытайлықтар 1/4 кезеңде Тайвань құрамасын 7:2 есебімен жеңді.

Әйелдер құрамасы үшін чемпионат ережелері өзгертілген. Оған себеп – қатысушы командалардың аздығы. Отандастарымыз өз тобынан – I орынмен, II орынмен – Оңтүстік Корея хоккейшілері шыққан. Ал, екінші топтан Қытай мен Жапония хоккейшілері суырылып алға шықты. Қазір төрт команда өзара бір-бірімен күш сынаспақ. Отандастарымыз өкінішке



карай жапондарға қарсы бірінші ойын өткізіп, 0:4 есебімен жеңіліп қалды.

Одан бөлек тағы бір отандасымыз Вадим Куралес биатлоннан күміс жүлде иеленді.

Шаңғы жарысынан әйелдер құрамасы Азия ойындарының күміс жүлдегері атанды. Командалық бәсекеде Ұлттық құрама мәреге Қытайдан кейін келді. Үздік үштіктің қатарын Жапония шаңғышылары түйінделді. Жарыс жолына шыққан қатысушылардың қатарында Камила Елғазина, Ксения Шалыгина, Ангелина Шурыга мен Надежда Степашкина есімді спортшылар бар.

Шаңғы жарысынан ерлер құрамасы командалық эстафетада Азия ойындарының III орынмен түйінделді. Команда құрамында Константин Борцов, Наиль Башмаков, Олжас Климин мен Владислав Ковалев сынды спортшылармен жасақталған.


Әзірге Қазақстан құрамасының қоржынында 3 алтын, 6 күміс, 4 қола медаль бар. Жалпы командалық есепте – IV орында.

Сурет ашық дереккөзден

• БОКС

Заңғар – күміс жүлдегер

2011-2012 жылдары туған жас спортшылар арасында бокстан өткен Қазақстан Республикасының чемпионатына тыңғылықты дайындықпен барған Қарқаралы ауданының тумасы Заңғар Марат күміс жүлдегер аталды.



Заңғар – 70 килограмм салмақ басатын боксшылар арасында облыс чемпионы. Ол былтыр спорт шеберлігінен үміткер дәрежесін иеленді.

Заңғар қазір Қарағандының Ә.Молдағұлова атындағы спорт интернатында, 8 сыныпта оқып, бокс бөлімінде тәлім алууда. Ол – бокстан Қазақстан құрама командасының мүшесі.

Өз тілшімізден
Сурет Қарқаралы аудандық спорт бөлімінен

• ҚАЗАҚ КҮРЕСІ

Екі алтын, бес қола

Қызылордада қазақ күресінен Қажымұқан Мұңайтпасұлын еске алуға арналған XVI республикалық турнир өткен болатын. Чемпионатқа қарағандылықтар да қатысып, екі алтын және бес қола жүлде жеңіп алды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған чемпионат биылдың алғашқы бәсекелерінің бірі болғандықтан, жарысқа қатысушылардың қатары артқан. Атап айтсақ, биыл 12 өңірден 200-ге жуық балуан келіпті. Жерлестеріміз сәтті өнер көрсетіп, жеті медаль жиынтығын қоржынға салды. Қазақ күресінен Қарағанды облысы бойынша аға жаттықтырушы Бекзат Ахметбеков спортшылардың өнеріне жоғары бағасын берді.

– Осы чемпионат біздің спортшылар үшін биылдың алғашқы старты. Спортшылардың нәтижесі жақсы. Былтыр да осы турнирге қатысып, екі күміспен қайтқанбыз, – деді ол.

Белдесу қорытындысы бойынша 60 келіде сығға түскен жерлесіміз Арнұр Көмекпай алғашқы алтынды иеленген. Одан кейін 90 келі салмақта белдескен Дидар Беркенов те қарсыластарына мүмкіндік қалдырмады. Сонымен қатар, облыс құрамасы сапында барған Раханбек Сидога, Шыңғыс Төлеуов, Адай Мұбарак, Нұрбек Қолдасов пен Ерасыл Қуаныш қола медаль жеңіп алды. Енді балуандар сәуірде өтетін ел чемпионатына дайындықты бастаған.

– Турнирге мығым дайындықпен бардым. Қарсыластарым да осал болған жоқ. Бозкілемде жеңіске деген сенімді бекем болса, қарсыласыннан моральдық тұрғыда басым болады екенсің, – дейді Арнұр Көмекпай.

• КЕЗДЕСУ

Сахна саңлағымен сұхбат

Абай атындағы облыстық балалар кітапханасында Қазақстанның Халық әртісі, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың және «Еңлікгүл» театр сыйлығының лауреаты, Сәкен Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театрының актері, драматург Кеңес Нарымбайұлы «Сахна өнерінің сұңғыласы» атты кездесу өтті.

Кітапханада «Барлық мамандықтар қажет, барлық мамандықтар маңызды» жобасы аясында түрлі мамандық иелерімен кездесулер дәстүрлі өткізіліп келеді. Бұл шаралар барысында балалар дәрігер, мұғалім, әскери қызметкер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, аспаз және басқа да мамандық өкілдерімен жүздесіп, көп нәрсеге қанық болады. Сонымен қатар, балаларға өз жан дүниесіне үңілуге, білім мен дағдыларын шыңдауға ықпал етеді.

Есімі елімізге белгілі өнер қайраткерімен өткен кездесуге қаламыздағы мектептердің жоғары сынып оқушылары келді.

Кездесу барысында оқушыларға қазақ театр өнерінің дамуына елеулі үлес қосқан актердің өмірі мен кәсіби шығармашылық қызметі туралы мәлімет берілді. Кеңес Нарымбайұлы Сәкен театрындағы 57 жыл бойы тынымсыз еңбек еткен шығармашылық жолында киелі сахнада жүзге жуық



түрлі образды сомдаған. Оның ішінде, драмалық рөлдерден бастап, комедиялық рөлдерге дейін сахналық бейнелердің тұтас галереясы бар.

– Әр адам алдымен жүрегінен қалайтынын анықтап алып, содан кейін арманына адал болуы керек. Мен оқуға шыққанда автобус кетіп қалып, құйып тұрған

жаңбырдың астында 25 шақырым жаяу жүріп барғанмын. Бұл – арманым адалдығым. Ата-анам айтпадым. Айтсам, жаңбырдың астында жаяу жібермейтінін білдім. Қазір өкінемеймін, арманым алдаматты, – деп ағынан жарылды Кеңес Нарымбайұлы.

Кеш қонағы жас достарына өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, қызығы мен шыңығы мол өнер жолындағы түрлі естеліктерін өңгімеледі. Ақыл-кеңесін де аямады.

– Өнерімді жас кезімнен байқап, қолдау көрсеткен анам болатын. Анам қолдап, жағдай жасамағанда бұл дәрежеге жетпеймін де мүмкін еді. Сондықтан, ата-аналар баласының бойындағы жақсы қасиетін, қабілетін, икемін байқап, оны дамытуға күш салуы тиіс. Жалпы, ұстаздан жолы болған адаммын. Нұрмұхан Жантөрин, Евней Арыстанұлы сынды қазақтың арда азаматтары маған көп қолдау көрсетті. Қиын кезде жанымнан табыла білді, – деп атап өтті Кеңес Нарымбайұлы.

Кеңес Нарымбайұлы драматург ретінде де танымал. Оның «Замана неткен тар едің?!», «Қазауысты Қазыбек би», «Ер парызы» пьесалары бойынша Қарағанды және Батыс Қазақстан облыстық театрларының сахналарында спектакльдер қойылды. Бұ-

дан бөлек, діни сауатсыздық мәселесіне арналған «Адақандар» драмасын жазған.

Кездесу аясында жұрт назарына кітапхананың оқу залында қойылған кітап көрмесі ұсынылды. Онда Кеңес Нарымбайұлының өз туындыларымен қатар, түрлі басылымдарда жарияланған актердің шығармашылық қызметі туралы материалдар ұсынылды.

Сонымен қатар, кеш қонағы балаларға қысқаша шеберлік сабағын да ұйымдастырды. Шеберлік сабағына кеш иесінің қойған сұрағына дәл жауап берген оқушылар қатысты.

Әңгімеге толы жылы кездесуден балалар кимай тарасты. Кітапхана директоры Баян Қуанышқызы кездесу қонағы мен оқушыларға шексіз алғысын жаудырды.

Кеңес Нарымбайұлы да өз кезегінде қолтаңбасы қойылған еңбегін кітапхана қорына сыйға тартты.

Мөлдір МҰРАТБАЕВА,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды зерттеу
университеті
журналистика бөлімінің
IV курс студенті

Сурет ұйымдастырушылардан

• ФУТБОЛ

Түркиядағы жаттығу қызу

«Шахтер» футбол клубы соңғы оқу-жаттығу жиынын бастап кетті. Түркия елінің Лара қаласында өтіп жатқан жаттығу жиындарына 32 ойыншы және бес жаттықтырушы аттанған. Естеріңізге сала кетейік, бұған дейінгі жаттығу жиындары елордада өткен болатын. Енді Түркиядан соң Шымкентте өтетін жаттығу жиындарына барады. Негізгі мақсат – бірінші лиганы жеңу.

Бәрімізге мәлім, былтыр жыл соңынан бері клуб сапына біршама жаңа ойыншы қосылған болатын. Осы құраммен Алматы қаласында өтетін кубок ойындарына дайындалуда.

– Әр жаттығуға тыңғылықты дайындалып, күшімізді салып жатырмыз. Маусымға дайындық

болған соң тек дене жаттығулары ғана емес, теориялық және психологиялық тұрғыда да дайындық өтеді. Әр жаттығудан соң денені қалыптастыру жұмыстарын жүргіземіз, – деді қақпашы Нұралы Нұрғалиев.

Алдағы уақытта бірінші лига

командалары арасында іріктеу ойындары өтеді. Егер «Шахтер» барлық ойында жеңсе, маусым басында өтетін жартылай финалдық бәсекеге жолдама алады. Ал, финалда жеңсе – Премьер-Лигаға қайта оралады. Әзірге Бірінші лига командалары арасындағы ойындардың уақыты белгісіз.

Лаура АМАНТАЙ,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды зерттеу
университеті журналистика
бөлімінің IV курс студенті
Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан



ORTALYQ
QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparagat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 күәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды к., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 706

№17 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды к., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Салтанат ІЛІЯШ